

Тулеуов Асылан Мухамбетовичтың 6D120200 – «Ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Батыс Қазақстан облысындағы ұзынашалы өзен шаянының ветеринарлық-санитарлық сапасының көрсеткіштерін бағалау және тағамдық қауіпсіздігі» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Докторанттың диссертациялық жұмысы 2023-2025 жылдары BR21882122 «Жасыл даму контекстінде Батыс Қазақстан өңірінің табиғи-шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерінің тұрақты дамуы: кешенді талдау, тұжырымдама, болжамдық бағалау және сценарийлер» блок: балық ресурстары ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша және ҚР АШМ 2021-2023 жылдарға арналған BR10764944 "Тағам өнімдері қауіпсіздігінің мониторингі және аналитикалық бақылау әдістерін әзірлеу" ғылыми-техникалық бағдарламасының "Мал шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігін бақылау үшін тест-жүйелерді әзірлеу" міндеті бойынша, «Батыс Қазақстан облысындағы балық және балық өнімдерінің ветеринариялық санитариялық қауіпсіздігінің мониторингі» ғылыми жобасы шеңберінде орындалды.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Ұсынылған диссертациялық жұмыс ветеринариялық санитария және су биоресурстары саласындағы ғылым үшін елеулі маңызға ие. Зерттеуде ұзынашалы өзен шаянының ветеринариялық-санитариялық сапасы, тағамдық және биологиялық құндылығы кешенді түрде бағаланып, ағынды суы бар бассейн жағдайында тірі сақтау технологиясының өнім қауіпсіздігіне әсері ғылыми тұрғыда негізделген. Алынған нәтижелер су айдындарынан алынатын</p>

			омыртқасыз гидробионттардың қауіпсіздігін бағалау бойынша ғылыми деректер қорын толықтырады және отандық ғылыми әдебиетте жеткілікті зерттелмеген мәселелерді қамтиды. Жұмыс нәтижелері су биоресурстарының тағамдық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ғылыми зерттеулерді дамытуға үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыс автордың дербес ғылыми ізденісінің нәтижесі болып табылады. Зерттеу бағдарламасын әзірлеу, әдістемені таңдау, далалық және зертханалық жұмыстарды жүргізу, алынған нәтижелерді өңдеу мен талдау, сондай-ақ қорытындыларды тұжырымдау ізденушінің жеке қатысуымен орындалған. Мәтін мазмұны, ғылыми тұжырымдар мен интерпретациялар автордың өз ғылыми пайымына негізделген және пайдаланылған әдеби дереккөздерге тиісті сілтемелер жасалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі су биоресурстарын пайдалану барысында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігімен, сондай-ақ ұзынашалы өзен шаяны өнімдерінің тағамдық қауіпсіздігін ғылыми негізде бағалау мәселесінің маңыздылығымен толық негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны қойылған тақырыпты толық ашып көрсетеді. Зерттеуде гидрохимиялық, морфометриялық, органолептикалық, химиялық және токсикологиялық көрсеткіштер жүйелі түрде талданып, олар диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді;	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері нақты тұжырымдалған және зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Қойылған міндеттер зерттеу

	<p>2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>барысында толық көлемде орындалған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы логикалық тұрғыда жүйелі қалыптасқан. Барлық бөлімдер бір-бірімен өзара байланысты, зерттеу нәтижелері бірізді түрде ұсынылған және қорытындылар алынған деректерге негізделген.</p> <p>Диссертациялық жұмыста автор ұзынашалы өзен шаянының ветеринариялық-санитариялық сапасы мен тағамдық қауіпсіздігін бағалауға қатысты ғылыми тұрғыда негізделген жаңа тұжырымдар ұсынған. Ағынды суы бар бассейндерде қоректендірмей тірі сақтау жағдайларының шаян етінің химиялық, биологиялық және санитариялық көрсеткіштеріне әсері эксперименттік деректер негізінде зерттеліп, алынған нәтижелер табиғи су айдындарынан алынған үлгілермен салыстырылып бағаланған. Автордың ғылыми шешімдері белгілі деректермен салыстыру арқылы сыни тұрғыда талданған. Ақуыз, май, аминқышқылдық және май қышқылдық құрамдағы өзгерістер шаян организмнің физиологиялық бейімделу тетіктерімен түсіндіріліп, тағамдық құндылықтың жалпы деңгейінің сақталатыны ғылыми тұрғыда негізделген. Сонымен қатар, ауыр металдар мен радионуклидтердің мөлшері бойынша алынған нәтижелер экологиялық жағдаймен байланыстыра отырып бағаланған.</p>
5. Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелер ұзынашалы өзен шаянының ветеринариялық-санитариялық сапасы мен тағамдық қауіпсіздігін бағалауға бағытталған және бұрын отандық ғылыми зерттеулерде кешенді түрде қарастырылмаған. Ағынды суы бар бассейндерде қоректендірмей тірі сақтау</p>

		жағдайларының шаян етінің химиялық, биологиялық және санитариялық көрсеткіштеріне әсері алғаш рет жүйелі түрде зерттеліп, нақты салыстыру арқылы алынған деректермен дәйектелген. Сонымен қатар, ұсынылған ғылыми нәтижелер шаяндарды аулау құрылғысы және өсіру тәсілдеріне қатысты алынған патенттермен расталады.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның негізгі қорытындылары жүргізілген кешенді зерттеулердің нәтижесінде алынған және ұзынашалы өзен шаянын ағынды бассейн жағдайында қоректендірмей уақытша ұстау оның тағамдық, биологиялық және ветеринариялық-санитариялық сапасының сақталуына мүмкіндік беретінін ғылыми тұрғыда негіздейді. Бұл қорытындылар өңірлік жағдайларды ескере отырып алғаш рет тұжырымдалған.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста ұсынылған техникалық және технологиялық шешімдер ұзынашалы өзен шаянын ағынды суы бар бассейндерде сақтау, судың сапасын бақылау және сақтау мерзімін оңтайландыруға бағытталған. Бұл шешімдер белгілі технологияларды өңірлік жағдайларға бейімдеу арқылы жетілдірілген және эксперименттік деректермен негізделген. Ұсынылған шешімдер түбегейлі жаңа технология емес, алайда олардың ғылыми негізделуі мен қолданбалы бағыты жұмыстың практикалық маңызын арттырады.
6. Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда аукымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың барлық негізгі қорытындылары жүргізілген кешенді гидрoхимиялық, морфометриялық, органолептикалық, химиялық және токсикологиялық зерттеулердің нәтижелеріне негізделген. Алынған деректер заманауи

		<p>зертханалық әдістерді қолдану арқылы өңделіп, статистикалық тұрғыда талданған, бұл қорытындылардың ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді. Қорытындылар зерттеу нәтижелерімен, салыстырмалы талдаулармен және ғылыми әдеби деректермен өзара үйлесіп, логикалық түрде тұжырымдалған. Сондықтан диссертациялық жұмыста ұсынылған негізгі қорытындылар жеткілікті ғылыми дәлелдермен негізделген деп бағаланады.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер</p>	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p>	<p>Диссертациялық жұмыста қорғауға шығарылған негізгі ережелер жүргізілген кешенді зерттеулердің нәтижелеріне негізделген және ғылыми тұрғыда жеткілікті деңгейде дәлелденген. Ұсынылған ережелер тривиалды сипатта емес, оларда ғылыми жаңашылдық элементтері бар және алынған нәтижелердің теориялық әрі практикалық маңызын айқындайды. Қорғауға ұсынылған қағидаттар ағынды суы бар бассейнді жағдайында ұзынашалы өзен шаянының ветеринариялық-санитариялық сапасы мен тағамдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешуге бағытталған және оларды қолдану деңгейі кең деп бағаланады. Сонымен қатар, диссертация көлемінде алынған нәтижелер ізденушінің жарияланған ғылыми мақалаларында толық көлемде көрініс тапқан.</p>

		1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыста қолданылған зерттеу әдістері қойылған мақсат пен міндеттерге толық сәйкес келеді және зерттеу нысанының ерекшеліктерін ескере отырып негізделген. Әдіснама нақты, жүйелі түрде сипатталған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Зерттеу барысында алынған нәтижелерді өңдеу мен талдау үшін заманауи зертханалық әдістер және деректерді өңдеудің компьютерлік технологиялары қолданылған, бұл нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияда ұсынылған теориялық қорытындылар жүргізілген далалық және зертханалық зерттеулердің нәтижелерімен толық расталған және өзара үйлесімді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыстағы негізгі тұжырымдар отандық және шетелдік ғалымдардың сенімді ғылыми еңбектеріне жасалған сілтемелермен дәлелденген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	210 пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбын ашуға жеткілікті көлемде қамтылған және мәселенің қазіргі ғылыми деңгейін көрсетеді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы ұзынашалы өзен шаянының ветеринариялық-санитариялық сапасы мен тағамдық қауіпсіздігін

		бағалаудың ғылыми негіздерін кеңейтуімен айқындалады. Зерттеу нәтижелері су биоресурстарынан алынатын өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін кешенді бағалау бойынша теориялық түсініктерді толықтырады және ветеринариялық санитария саласындағы ғылыми деректер қорын байытады.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Жұмыста алынған нәтижелерді ұзынашалы өзен шаянын аулау, сақтау, тірі күйінде тасымалдау және ветеринариялық-санитариялық бақылау барысында тікелей қолдануға болады. Ұсынылған тәсілдер мен ғылыми негізделген қорытындылар өндірістік жағдайда өнімнің тағамдық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және сапасын сақтауға мүмкіндік береді.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста ұсынылған практикалық ұсынымдар ұзынашалы өзен шаянын аулау, сақтау және шаруашылықта пайдалану технологияларын жетілдіруге бағытталған және автордың жеке ғылыми-тәжірибелік зерттеулерінің нәтижесінде әзірленген. Ұсыныстар нақты өндірістік жағдайларда сынақтан өткен және патенттік қорғауға ие техникалық және технологиялық шешімдермен негізделген.
10. Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс академиялық жазу талаптарына толық сәйкес орындалған. Мәтін ғылыми стильде, логикалық тұрғыда жүйелі жазылған, негізгі ұғымдар мен тұжырымдар нақты және бірізді берілген. Кестелер мен суреттер зерттеу нәтижелерін түсіндіруге қызмет етеді, ресімдеу талаптары сақталған.
11. Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыстың мазмұнына, ғылыми нәтижелерінің негізділігіне және қорытындыларына әсер ететін елеулі ескертулер жоқ. Жекелеген редакциялық және стилистикалық

			сипаттағы ұсақ ескертулер жұмыстың жалпы ғылыми деңгейін төмендетпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері ізденушінің жарияланған ғылыми мақалаларында толық көрініс тапқан. Жарияланымдар диссертация тақырыбына сәйкес келеді, алынған нәтижелердің ғылыми жаңашылдығы мен практикалық маңызын растайды және оларда қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар жеткілікті деңгейде дәлелденген.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Тұлеуов Асылан Мухамбетовичтың «Батыс Қазақстан облысындағы ұзынашалы өзен шаянының ветеринарлық-санитарлық сапасының көрсеткіштерін бағалау және тағамдық қауіпсіздігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған, ғылыми және практикалық маңызы бар зерттеу болып табылады, ал докторант 6D120200 – «Ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Профессор Қазақ Ұлттық Аграрлық
Зерттеу Университеті, Ветеринария
ғылымының докторы Сарсембаева
Нуржан Билтебаевна

мерзімі « 28 » 01 2026 жылы



Сарсембаева
(қолы, тегі, аты-жөні)

Асылан 28 01 26